



13 Менің досым

- Артикуляциялық жаттығу
- Саусақ жаттығуы
- Көз жаттығуы

Біз ақылды баламыз,
Достарды көп табамыз.



Кел сөйлесейік...

Мақсаты: балаларға дос, достық туралы түсінік беру. Баланың айналаны өзі танып білуіне жағдай жасау.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: балалар сурет арқылы бір-бірімен достық қарым-қатынас, сыйластығы туралы айтады. Сұраққа жауап беру арқылы балаларды адалдыққа, мейірімділікке, жылы шырай, сенім және ықыластылыққа тәрбиелейді.

– Мынау кім? (ол менің досым)

– Досыңның есімі кім? (досымның есімі Әли)

Педагогтің міндеті: балаға тапсырманы орындауға көмектесу. Баланың әрекетін мадақтау қажет.

Қажетті құралдар: көрнекілік суреттер, жұмыс дәптері.

Менің әлемім

Мақсаты: балаларға дос болудың маңызын ұғындыру. Достар бір-бірін ренжітпейді, керісінше нағыз достар бір-бірін құрметтейді, сыйлайды, кешірімді болады.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: балалар досымен бірге



өткізген күн жайлы әңгімелейді, досына қамқор болу туралы ойын вербалды немесе эмоционалды сипаттайды.

Ойынның көмегімен бір–бірімен дос болу арқылы баланың өзіндік сөздік қорын, қоршаған ортаны қабылдауын бақылап көреміз.

Педагогтің міндеті: балаға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесу. Баланың әрекетіне қарай мадақтау қажет.

Қажетті құралдар: көрнекілік суреттер, жұмыс дәптері.

Ертегі әлемім

«Бір жарым дос» ертегісі.



Сергіту сәті

Орнымыздан тұрамыз,

Алақанды ұрамыз.

Бір отырып, бір тұрып,

Тез шынығып аламыз.

Өзіміз жасаймыз

Мақсаты: «дос» және «достық» деген ұғымды терең жеткізе отырып, достық сезімін қалыптастыру мақсатында бір – біріне сыйлық сыйлауға, досын қадірлей білуге тәрбиелеу. Достарына арнап өз қалауынша сыйлық жасау, түрлі түсті қағаздардан қажет заттың пішінін жабыстыруды үйрету.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: балалар педагогтің түсіндіруімен ақ қағаз бетіне дайын болған шар, доп, гүл т.б. заттарды желім арқылы жабыстырады. Дайын болған сыйлықты, достарына сыйға тартады.

Жапсырма (құрастыру) арқылы баланың логикасын өзіндік сөздік қорын, қоршаған ортаны қабылдауын бақылап көреміз. Түрлі түсті жапсырма арқылы өзінің туындысын шығарады.

Педагогтің міндеті: балаға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесу. Баланың әрекетіне қарай мадақтауы қажет.

Қажетті құралдар: түрлі түсті қағаздан қиылған пішіндер, қатырма қағаз, желім.

Сызықты жалғастырып сыз

Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: балалар педагогтің түсіндіруімен суреттегі бейнелерді алдымен ауада, одан кейін дәптерде саусағымен бейнелейді.

Қажетті құралдар: көрнекілік, жұмыс дәптері.

Сергіту сәті





Пішіні, көлемі, түсі

Мақсаты: үлкен және кіші пішіндердің атауларын түсініп, көлемін ажырата алуға үйрету.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізубарысы: балалар суреттегі геометриялық пішіндердің, пішінін, ерекшелігін, үлкен немесе кіші екенін байқайды. Ойынның көмегімен геометриялық пішіндерді вербалды табу арқылы баланың өзіндік психикалық күйін бақылаймыз. Үлкен пішіндерді ата, көрсет.

Педагогтің міндеті: педагог баланың әрекетіне қарай мадақтау қажет.

Ойын: «Үлкен-кіші». Ойын шарты: балалар 2 топқа бөлінеді. Ұлдар текшенің ең кішкентайларын жинайды, ал қыздар керісінше, текшенің ең үлкендерін жинайды.

Қажетті құралдар: карточка, суреттер, ойыншықтар.

Ойнайық, ойлайық

«Сиқырлы қапшық» ойыны.

Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: сиқырлы қапшықтың ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.

Ойынның көмегімен заттардың қасиеттері бойынша табу арқылы баланың өзіндік, психикалық күйлерін бақылаймыз.

Қажетті құралдар: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі шаршылар.

Күтілетін нәтиже: балалар достық қарым-қатынас орнатады. Досына камқор болуға үйренеді. Құрастыруға деген қызығушылығы артады. Дос болу мен, адалдықты ажыратады. Геометриялық пішіндерді ажыратады. Балалардың ой шеберлігі дамиды.

